

«Қаламы қарымды қаламгер»



Облыстық «Дала өлкесі тарихы» музейінде «Қазақстанның құрметті журналисі», Арқалық қаласының құрметті азаматы Жақсылық Жүнісұлының 75 жылдық мерейтойына орай кездесу кеші өтті.

Кешті музейдің ғылыми қызметкері, жас айтыскер ақын Батырлан Сағынтаев жүргізіп, халық арасында кеңінен танылған қабырғалы қаламгердің жүріп өткен өмір деректерімен таныстырды.

Ж. Жүнісұлы 1943 жылы Қостанай облысы, Жанкелдин ауданында өмірге келген. Қазақ ұлттық университетінің түлегі. Елу жылдан астам еңбек жолын журналистік салаға арнаған. «Сыр сандық», «Дала дарабоздары», «Жылдар жанғырығы», «Топ жарғандар туралы толғау» сынды кітаптардың авторы.

Ұзақ жылдар бойы облыстық

«Қостанай таңы» газетінің Арқалық қаласы бойынша меншікті тілшісі болып жемісті еңбек етті. ҚР Мәдениет қайраткері, облыстық «Қазына» меценаттар сыйлығының иегері.

Жақсылық аға ұзақ жылдар бойы журналистік салада аянбай тер төкті. Арқалық қаласы алғаш салына бастаған шақтарда комсомолдық екпінді құрылыс жұмыстарын керәі етікпен бапшықты кешіп жүріп жазды.

Облыстық «Торғай таңы» газетінің құрылыс бөлімінде істеді. Кейіннен бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары болып, қызметтің қай тұтырына да тұрақтай алатындығын айқын көрсетті. Әйтсе де қай кезеңде болмасын мансап биігінен көрінгеннен гөрі шабыты панаға шариқтататын сыртшыл шығармашылықпен айналысуды жаны қалап тұрды.

Қарапайым еңбек адамдарын дәріптеп, тағдыр теперішін тартқан жандардың жан дүниесіне үңілді. Түрлі салада тер төккен мерейлі жандардың гирбаты сұмырын

қоғамға үлгі қылып ұсынды.

Мерейлі жасқа келген Жақсылық ағамың жайында жазылған «Қарымы бөлек қаламгер» атты кітапта: «Өзінің қауыптасқан әдемі стилі бар ағамыздың қай туындысынан болмасын ерекше бір нәзік леп еседі» - деп бағалайды әріптес інісі, аға басылымның ардагері, белгілі журналист Сәлім Меңдібай.

Тағылымды кеште қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жәнібек Гапбасұлы, ел ақсақалдары Еркін Қожакметов, Орекен Алматы, Қайырдан Жиенбаевтар мерейтой несіне жылы лебіздерін білдіріп, нығына шапан жапты.

Әсерлі естеліктермен өріліп, әсем әнмен астасқан кешті музей директоры Асхат Хасенов қорытындылап, ардагер журналиске ескерткіш сыйлық табыс етті.

Кешке қаламгер Ж. Жүнісұлының жұбайы Балдырған Оңайқызы, музей қызметкерлері және қаладағы А. Құнанбаев атындағы №6 мектептің ұстаздары мен шәкірттері қатысты.

«Торғай» - ақпараттық